- Төлем карточкасын ұстаушының банктік шотын бұғаттаумен – мемлекеттік органдар және/немесе қызметтік тұлғалардың Төлем карточкасы ұстаушысының банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдерін/қаулылардың, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған процедураларға сәйкес және Шартпен қаралған өзге жағдайларда , сондай-ақ, төлем карточкасы ұстаушысының банктік шотына рұқсат етілмеген жағдайда төлем карточкасы ұстаушысының банктік шоттарындағы ақшаға тыйым салу негізінде

6.2. Банк өз бастамасы бойынш келесі жағдайларда төлем карточкасын және/немесе төлем карточкасын ұстаушының банктік шотын (немесе Login және/немесе OTP Токен) бұғатауға құқылы болады.

- Төлем карточкасын ұстаушы Шарт шарттарын бұзғанда;
- Банктің пікірі бойынша төлем карточкасын ұстаушыға және/немесе Банкке зияндық алып келуі мүмкін
- Төлем карточкасы және/немесе банктік шот алаяқтық операцияларды, ақшаны заңдастыру (ізін жасыру) және/немесе террористік қызметті қаржыландыру үшін пайдаланылуы м.мкін дегенге күдік жеткілікті болғанда,
- Шарт бойынша операцияларды шектейтін қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енген жағдайда

Бұғаттауға себеп болмайтын болса, келесі жағдайларда төлем карточкасын бұғаттан шығару Банкпен орындалады

6.3 Төлем Карточкасын Ұстаушының Төлем Карточкасын бұғаттау туралы нұсқауы Банкіге Интернет-Банкинг жүйесі бойынша <https://kz.shinhanglobal.com/> арқылы немесе Банкіге тікелей хабарласу арқылы, немесе телефонмен немесе басқа байланыс аналарымен (сәйкестендіру процедурасынан өте отырып) қабылданады.

Көрсетілген жағдайларда Төлем Карточкасын бұғаттан шығаруды Банк Төлем Карточкасын Ұстаушының Банкіге тікелей келіп ресімдеген және/немесе Банк мұндай сервисті берген болса Интернет-Банкинг жүйесі бойынша ресімдеген тиісті жазбаша өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

7. Карточкалық операцияларды өткізу тәртібі

7.1. Карточкалық операциялар өткізу кезінде Төлем карточкасын ұстаушы өз қарауы бойынша Шарттың және Карточканы пайдалану ережесінің талаптарын есепке алда отырып, банктік шоттардағы ақшаларға билік етеді (Шарттың №2 Қосымшасы)

7.2. Банк төлем карточкасы ұстаушысының жазбаша өтініші негізінде Бенефициардың пайдасына төлем карточкасын пайдалана отырып, төлем карточкасы ұстаушысынан жазбаша өтініш берілген күннен бастап немесе Банк Бенефициардың электрондық құжатын/слипін /төлем құжатын алған күннен бастап /банктік шоттан 3 (үш) банктік күндерден кешіктірмей Банкке түскен Бенефициардың электрондық құжатына слипке, төлем құжатына ақша айдарады.

7.3. Төлем карточкасы ұстаушысының /карточкалық операция жүйесі қатысушысының бастамасы бойынша Банк өткізілген карточкалық операциялар бойынша растау құжаттары алынғанға дейін төлем карточкасын пайдалана отырып, банктік шоттағы авторизациядан өткізу сомасы ақшасын (Банктің комиссиялық сыйақысын қоса есептегенде) бұғаттауға құқылы болады. Бұл ретте банктік шотта бұғатталған сомалар Банкпен есептен шығарылуы мүмкін, оның ішінде карточка өтініш негізінде де бұғатталуы мүмкін.

7.4. Төменде аталған жағдайларда Банк төлем карточкасын пайдалана отырып, банктік шоттар бойынша ақшаны есептеу/есептен шығару операцияларын жүргізбеуге құқылы болады:

- егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса;
- карточкалық операцияның шығыс сомасы тиісті карточка бойынша Клиенттің жеке қаражаты сомасынан асаты болса;
- карточка бұғатталған/күші жойылған немесе әрекет ету мерзімі жойылған болса;
- карточкалық операция рұқсат етілмеген болса.

7.5. Егер Банкке келесі операцияларды жасауға карточканы бұғаттау немесе күшін жою туралы өтініш жолданбаған болса, Клиент (сондай-ақ, Шартпен белгіленген жағдайларда- қосымша төлем карточкаларының ұстаушысы) ПИН-кодты дұрыс терумен немесе Карточка ұстаушысының қол қоюымен расталған карточкалық операциялар бойынша сөзсіз есептесуге міндеттенеді

Өткізілген карточкалық операциялар бойынша қарсылықтар болған жағдайда төлем карточкасының ұстаушысы карточкалық операцияларды жасау күнінен 60 (алпыс) күнтізбелік күндер ағымында Банкке бар құжаттарды тіркеу отырып (слиптер, чектер т.с.с) арыз-жағымды жазады. Төлем карточкасы ұстаушысының арыз*-шағымы негізді болған жағдайда Банк өткізілген зерттеулер негізінде, болдырмау мүмкін болатын болса, тиісті карточкалық операцияны болдырмайды.

7.6. Жасалған карточкалық операцияны болдырмау жағдайында Банк Бенефициармен ақшаны тиісті банктік шотқа мүмкіндігі бойынша және тиісті сомада қайтарады.

7.7. Егер карточкалық операцияның шығыс валютасы банктік валютадан айрықшаланатын болса, карточкалық операцияны валютасын айырбастау төмендегіше орындалады.

• Қолданылатын тарифтерге сәйкес айырбастау үшін Банк комиссиясын біруақыттық ала отырып Банк курсы бойынша:

- Жүйеде анықталған бағам бойынша – егер карточкаға қызмет ету унктісі Банктің жүйесіне қосылмаған болса.

7.8. Карточка ұстаушыға келісім-шартқа сәйкес төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған төлемдер және (немесе) аударымдар туралы ақпаратты қамтитын клиент белгілеген мерзімге банктік шот көшірмесі ұсынылады, Банкті анықтайтын деректемелер бар. Өтінішті Интернет-банкинг жүйесін қолдану арқылы, банктің кеңсесіне қағаз түрінде немесе электронды түрде Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен келу кезінде алуға болады. Клиенттің банктік шотынан үзінді көшірмені Банктің тарифтеріне сәйкес Банк ұсынады, оны <https://www.shinhan.kz/menu/tarify/> ресми парағында таба аласыз.

7.9. Төлем карточкасын ұстаушы банктік шоттар бойынша ақшаның жұмсалуды бақылай отырып және карточкалық операцияларды жасау кезіндегі банктің комиссиясын есепке ала отырып, Овердрафтты болдырмауға міндеттенеді.

7.10. Өз-өзіне қызмет ету режимінде карточкалық операцияларды джүргізх екзінде төлем карточкасының иегері пайдаланылатын техникалық құралдың (банкоматтар, банктік киосктер) нұсқаулықтарын қатаң сақтауға міндеттенеді.

7.11 Банк Қазақстан Республикасының Қалмыстық әрекеттен түскен табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекеттер туралы заңнамасына сәйкес Клиент Банкке операцияны жүзеге асыру үшін керекті құжаттар мен мәліметтерді бермеген жағдайда банк операцияны жүргізуден бас тартуға/тоқтата тұруға құқылы.

8. Карточкалық операциялар бойынша лимиттер мен шектеулер

8.1. Клиент банктік шот бойынша қосымша төлем карточкасының ұстаушысына пайдалану лимиттерін анықтауға құқылы болады.

8.2. Банк Карточкалық қызмет көрсету орындарында төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізуге болатын транзакциялардың мөлшеріне шектеу қояды: бір операцияға лимит, бір күнге және бір айға лимит.

8.3. Сәйкестендіру рәсімінен өткеннен кейін Клиент төлем карточкасы бойынша операциялар сомасының шектерін уақытша өзгерту туралы өтінішпен Банкке телефон арқылы хабарласуға құқылы.

8.4. Банк Банктің ішкі ноормативтік құжаттарына сәйкес төлем карточкасы бойынша қолма-қол ақшаларды алу лимиттерін анықтауға құқылы болады.

8.5. Банктің ішкі құжаттарымен анықталған сомадан асатын банктік шоттағы қолма-қол ақшаларды беру пунктсінен алу үшін Клиент алдын-ала қолма-қол ақшаларды беру пунктсінің жауапты қызметкерімен осы операция туралы келісуі тиіс.

8.6. Карточканың ұтаушысына Қазақстан Републикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді сатып алуды қоса есептегенде төлем карточкасын заңға қайшы мақсаттарда пайдалануға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес карточканы пайдалану өткізе алмайтын операцияларды өткізуге тыйым салынады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Табиғи апат, әлеуметтік катаклизмдер, әрекеттер, өкімет органдары мен олардың қызметтік тұлғаларының оның ішінде Шаттың мәнісіне тікелей қатысы болатын қызметке тыйым салатын немесе шектейтін Қазақсан Республикасының Ұлттақ Банкісінің шешімдері, технкаларды жұмыс істемей қалуын, бағдарламалық қамтамасыз етуді және

тараптарға байланысты болмайтын себептер бойынша деректерді беру жүйесін істен шығаратын басқа жағдайлар кіретін Тараптарға бой бермейтін жағдайлардан басқа Шарт (Шарттың 2.4. т көрсетілгендерді есепке алумен) және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша өз міндеттерін орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Шарттың осы тармағымен қаралған бой бермейтін жағдайлар басталған кезде Тараптардың міндеттері шарт бойынша осындай жағдайлар әрекет етуі мүмкін уақытқа ұзартылуы мүмкін.

9.2. Банк Клиент алдында келесі аталғандарға жауапты болады:

- Банк Карточка ұстаушының қарыздарын өтеу бойынша үшінші тұлғаларға құқықты (талаптарды) беру жағдайларынан басқа, сондай-ақ, шартпен анықталған және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қаралған басқа жағдайларда банкілік шоттар бойынша ақпараттарды үшінші тұлғаларға (карточкаларды ұстаушылар болмайтындарға) жариялауға немесе Карточка ұстаушысының қарыздарын алуды үшінші тұлғаларға тапсыруға (оған карточканы ұстаушы осымен Банкке өтініш бере отырып немесе карточканы алу тізімдемесіне қол қоя отырып және жеке Банкте бола отырып, Банкке ресми жазбаша келісімді береді),
- Банктің кінәсі бойынша қате жүргізілген карточкалық операцияға – жүргізілген карточкалық операциялар сомасы шегінде;
- Клиенттің пайдасына түскен банктік шотқа ақшаны аударуды кешіктіргенге, (Банк барлық қажетті төлемдік немесе өзге құжаттарды алған жағдайларда)е, сондай-ақ, Шартқа сәйкес Банкте ұсыныған төлем карточкасын ұстаушының нұсқауларының орындалуын кешіктіргенге, - кешігудің әр күні үшін дер кезінде есептелмеген/аударылмаған сомалардан 0,01% мөлшерде, бірақ әрі кеткенде соманың карт-шотынан (карт-шотына) дер кезінде есептелмеген/аударылмаған сомадан 5% мөлшерде,

9.3. Банк төменде аталғандарға жауапты болмайды:

- үшінші тұлғалардың Карточка ұстаушысына қызмет көрсетуден бас тартқанына;
- Жүйе мен Карточкалар бойынша қызмет ету пунктiсi арасында байланыстың болмауына байланысты карточкалар бойынша операцияларды жасауға сұранымның банктің түспеуі;
- карточкалар бойынша қызмет ету пунктiсiнiң Банктен авторизациялау туралы жауап алмауы;
- карточка ұстаушысының Жоғалған/ұрланған карточканы сондай-ақ, Карт-шоттарға рұқсатсыз ену мүмкіндігін дер кезінде бұғаттамауы;
- Карточка ұстаушысының <https://kz.shinhanglobal.com/> интернет банкингісіне ену мүмкіндігін дер кезінде бұғаттамау салдары;
- Ақшаға тыйым салынғанда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілген уәкілетті органдар мен қызметтік тұлғалардың жазбаша ұйғарымдары негізінде карт-шоттар бойынша операцияларды тоқтата тұру жағдайында, сондай-ақ, Шарттың 5.2, 7.4, тармақшаларындағы жағдайлар бойынша карточкалық операцияларды жасау мүмкіндігіні болмауы;
- Карточка ұстаушысының Шарттың шарттары мен олардың қосымшаларыдағы шарттарды сақтамауысалдарында туындаған карточка ұстаушысының шығындары,
- Төлемдерді жүргізу және ақшаны аудару кезінде Карточка ұстаушысының дұрыс емес/жеткіліксіз деректемелерді нұсқауы;
- Ақшаы карт-шотқа аудару мақсатында өз-өзіне қызмет көрсету режимінде пайдаланылатын техникалық құралдар арқылы банкоматқа карточка ұстаушысымен салынған зақымданған төлемдік емес ақшалай белгілерді қабылдамауы.
- Банк, оны бақылауынан тыс себептер бойынша, клиент SMS-хабарламаны алмасаны ішін жауап бермейді.

9.4. Карточканы ұстаушы төменде аталғандарға жауапты болады:

- Карточка ұстаушысыны Шарт шарттарын және оны қосымшаларындағы шарттарды сақтамауы нәтижесінде Банкке келтірілген зияндық – Банкке келтірілген шығын толық көлемде ;
 - Карточка ұстаушысынң карточканы, карточканың пин-кодын, Login, құпиясөзді беруі салдарында Банкке/Карточка ұстаушысына келтірілген зияндық – келтіріліген зияндықтың толық көлемінде ;
 - Шартқа сәйкес Банкке берген ақпараттың толықтығына және дұрыстығына,. Дұрыс емес немесе толық емес ақпараттарды берген жағдайда, сондай-ақ, ақпараттарды дер кезінде бермеген жағдайда Карточканы ұстаушы Банкке келтірілген зияндықты толық көлемде өтейді;
 - Шарт бойынша Банк алдында Қарыздарды өтемеу, кідірту- шартқа сәйкес;
 - ұрланған/жоғалған карточканы, сондай-ақ, карт-шоттарға рұқсат етілмеген мүмкіндік кезінде дер кезінде бұғаттамау – Банкке және карточканың ұстаушысына келтірілген шығындарды толық көлемде өтеу;
 - <https://kz.shinhanglobal.com/> интернет банкингіне енуді дер кезінде бұғаттамау – Банкке және карточканың ұстаушысына келтірілген шығындарды толық көлемде өтеу;
 - Шарттың 4.6. тармағында анықталған жағдайларда Банкке ақшаны қайтарып бермеу/дер кезінде қайтарып бермеу-Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған мерзімі өтіп кеткен әр күнтізбелік күнге өсімақыны есепке алумен қайтарылмаған/джер кезінде қайтарылмаған сома мөлшерінде;
 - Карточка ұстаушысының кәнісі бойынша немесе жоғалған/ұрланған карточканың бұғаттатуға жән/немесе алуға байланысты Банк көрген шығыстар мен сот шығындары - оосындай Банктің көрген шығыстары толық көлемде өтеледі;
 - Шартты жасауға және орындауға байланысты карточка ұстаушысына белгілі болған Банк туралы құпия ақпараттардың ашылуы – осындау ақпараттардың ашылуы салдарында банкке келтірілген шығныдардың толық көлемінде;
 - Шартқа сәйкес Клиен жолдаған өтінішке сәйкес Банктің карточка бойынша операциялардың тәуліктік лимиттерін болдырмауы нәтижесінде Банкке келтірілген шығындар - Банкке келтірілген шығындардың толық көлемінде
- 9.5 Сауда және сервис кәсіпорыны мен Клиент арасындағы тауар/жұмыс/қызмет ұсыну бойынша өзара қарым-қатынас (жинақтау, орнату, техникалық, сервистік және кепілдік қызмет көрсету) кәсіпорын мен Клиент арасында өз беттерінше Банкінің қатысуынсыз реттеледі. Банк барлық жағдайда тауар/жұмыс/қызмет жеткізу шартының орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін жауап бермейді.
- 9.6. Сауда/сервис кәсіпорыны мен Клиент арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Банкінің қатысуынсыз шешіледі. Банк төлем операциялары бойынша Банкке білдірілген даулар туындаған жағдайда Клиентке консультация береді.
- Карта көмегімен төленген тауар қайтарылған жағдайда Банк сауда және сервис кәсіпорыны қайтарған ақшаның Клиенттің шотына аударылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте ақшаны қайтару бойынша операция тек қолма-қол ақшасыз түрде сауда/сервис нүктесі ресімдеген чек/Слип негізінде Шотқа аудару тәртібінде жүзеге асырылады.

10. Өзге шарттар

10.1. Өз бақылауы шегінде Банктің карточкалық операцияларын орындау мақсатында Банктің <https://kz.shinhanglobal.com/> Интернет банкингісі жүйесіндегі тоқтаусыз қызмет етуді және карточкалық операцияларды тәуліктік авторизациялауды қамтамасыз етеді.

10.2. Банк Клиенттің жазбаша өтінішіне сәйкес өзгеше анықтамаса Қосымша карточканы ұстаушының ағымдағы шоты туралы ақпараттарды береді, Карточка ұстаушысы байланысты осы каналдары бойынша сұрауларды бастаған немесе осындай каналдар бойынша ағымдағы шотт туралы мәліметтерді жолдау туралы нұсқауды бастаған болса,

Банк байланысты ашық каналдары бойынша (оның ішінде SMS, e-mail, факс, телефон т.с.с.), ағымдағы шоттар туралы мәліметтерді беруге құқылы болады.

Осымен Клиент Өтініш бере отырып немесе карточканы алу туралы тізімдемеге қол қоя отырып немесе Банкке жеке қатыса отырып, Банктің Шарттың осы тармағымен қаралған әрекеттерді жасауы нәтижесінде нақты осындай ақпараттарды алған кез-келген үшінші тұлғаға ағымдағы шоттар бойынша ақпараттарды беруге жазабаша келісімін береді. Осымен Клиент Шарттың осы тармағымен сәйкес байланыстың ашық каналдары бойынша Банкпен жолданатын ақпараттардың үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу қаупін сезінетінін және осындай қауіпті өзіне қабылдайтындығын растайды.

10.3. Карточканы ұстаушы өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) күннен кешіктірмей Банкке өзінің деректемелерінің (паспорттық деректерінің, ЖСН, тұрғылықты мекен-жайы, телефон нөмірі, электрондық мекен-жай, email, факс нөмір Банкке жолданған құжаттардағы басқа мәліметтер) өзгергендігі туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді. Карточканы ұстаушы шарттың 10.2. тармағына сәйкес Банктің ашық каналдар бойынша ағымдағы шоттар бойынша ақпараттарды жолдауын сұраған жағдайда Карточканы ұстаушы ағымдағы шоттар бойынша ақпараттарды алу үшін пайдаланылатын өз деректемелерінің өзгергендігі туралы дереу Банкке хабарлауға міндетті болады.

10.4. Карточка ұстаушысының электрондық құжаттары Банк Клиенттен қағаз нұсқада алынған және Клиент қолының үлгісі бар құжаттарға сәйкес Клиенттің қолымен расталған заңды құжаттар болып саналады

10.5. Телефон немесе байланыстың басқа каналдары бойынша (<https://kz.shinhanglobal.com> интернет банкингке кірместен) карточканы бұғаттау, сондай-ақ, дербес деректемелерді нұсқай отырып, ағымдағы шоттар туралы ақпараттарды алу туралы қабылданған нұсқаулар Клиенттің жазбаша нұсқауы бойынша қағаз нұсқада алынған және Клиент қолының үлгісі бар құжаттарға сәйкес Клиенттің қолымен расталған жазбаша нұсқауларға тең болып саналады.

10.6. Банк карточка ұстаушысының қосымша келісімін алмастан келесі аталғандарды жасауға құқылы болады:

- құқықтың (талаптардың) жарамдылығын растайтын барлық қажеті құжаттарды бере отырып, карточка ұстаушысының үшінші тұлғаларға қарыздарын өтеуі туралы өз құқықтарын (талаптарын) беруге;
- үшінші тұлғаларға қарызды өтетуге және оларға Банктің тапсырмасын орындау үшін қажет болатын ақпараттар мен құжаттарды беруге.

10.7. Банк Банкте бар деректемелер бойынша Карточка ұстаушысына тиісті жазбаша талаптарды жолдау арқылы карточка ұстаушысының банк алдындағы қарызын мерзімінен бұрын өтеу күнін анықтауға құқылы болады.

10.8. Қазақстан Республикасының валюталық және және/немесе өзге заңнамасына сәйкес карточкалық операцияларды жүргізу үшін карточка ұстаушысының қосымша құжаттарды (лицензияларды/тіркеу куәлігін/хабарлама туралы куәлікті т.с.с.) алуы/беруі қажет болатын болса, Карточканы ұстаушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған мерзімдер мен тәртіпте осындай құжаттарды беруге/алуға міндеттенеді.

10.9. Карточканы ұстаушы Қазақстан Республикасының валюталық және/немесе өзге заңнамасымен анықталған негіздер бойынша және шектерде карточка ұстаушысымен өткізілген карточкалық операциялар туралы қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне және басқа мемлекеттік органдарына хабарлау құқығын береді.

10.10. Карточка ұстаушысының Шарт бойынша банк алдындағы өз міндеттемелерін орындауға ықпал ететін жағдайлар туған сәтте (карточка ұстаушысының қайтыс болуын, хабар-ошарсыз жоғалған болып танылғанда, оны жұмысқа қабілеттілігінің кез-келген шектеуін қоса есептегенде, бірақ онымен шектелмейтін) және Шарт бойынша Қосымша карточка клиент болмайтын тұлғаны атына шығарылған жағдайда Клиент

(егер жоғарыда аталғна жағдайлар клиентке қатысты болса, онда Қосымша карточканың ұстаушысы) тиісті жазбаша хабарламаны беру арқылы осындай жағдайлардың басталғандығы туралы дереу хабарлауға міндеттенеді

10.11. Банк Егер осындай беру Жүйе ережелеріне, Жүйе қатысушылары арасындағы шарттық қатынастарға немесе тиісті сервистік кәсіпорын мен Банк Банктің шарттық қатынастарына немесе Жүйенің тиісті қатысушылары елдерінің заңнамасына сәйкес қажет етілетін болса, Жүйе қатысушыларының немесе өзге сервистік кәсіпорындардың сұрауы бойынша Шарт аясында және Банк және Карточка ұстаушысы анықтаған қатынастар аясында Банппен алынған Карточканың ұстаушысы, ағымдағы шот және ол бойынша операциялар, сондай-ақ басқа мәліметтерді (оның ішінде банктік құпияларды құрайтын мәліметтерді) беруге құқылы болады.

10.12. Банк Карточканың ұстаушысына Шартат немесе Банкке абығталған өзге құжаттарда көрсетілген деректемелер бойынша (оның ішінде пошталық мекен-жай, электрондық поштаның мекен-жайы, факстың, стационарлық немесе мобилді телефонның нөмірі т.б.) кез-келген ақпараттық материалдарды (оның ішінде хабарламаларды) беруге құқылы болады.

11. Шарттың әректе ету мерзімі және бұзу тәртібі

11.1. Шарт осы Шарттың 1.3. тармағында көрсетілген сәттен бастап күшіне еніп. Келесі аталға кезеңге дейін әрекет етеді

- әрекет ету мерзімі соңғы аяқталатын (Шарттың 3.1.3., 11.2, 11. 3 тармақтарында анықталған өтелмеген қарыз жағдайларының басқа) Шартқа сәйкес шығарылған карточканың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін, ал егер Шарт бұзылған кезде карт-шотта Клиенттің ақшасының қалдығы болған болса (Шартпен анықталған жағдайлардан басқа) – Шарттың 10.6 тармағында көрсетілген Банк міндеттемелерді орындағанға дейін, немесе

- Шартқа сәйкес карточкны ұстаушыға өзге карточкалар ошығарылмаған жағйда карточканың күшін жойғанға дейін (Шарттың 2.5., 3.5., 11.2., 11.3, 11.5, тармақтарында анықталған өтелмеген қарыз жағдайларынан басқа), ал егер Шарт бұзылған кезде карт-шотта Клиенттің ақшасының қалдығы болмаған болса (Шартпен анықталған жағдайлардан басқа) – Шарттың 11.6 тармағында көрсетілген Банк міндеттемелерді орындағанға дейін, Шарттың 3.1.2. тармағына сәйкес Карточканы қайта шығару жағдайында Шарттың әрекет ету мерзімі әр кез сайын Шарттың шарттарын есепке алумен, қайта шығарылған карточканың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін ұзартылады.

11.2. Банк Шарт бұзудың жоспарлы бұзу күніне дейін кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Клиентке хабарлай отырып, кез-келген уақытта Шартты бұзуға құқылы болады. Бұндай жағдайда Банк карточкаларды қайта шығармайды және Карточка Банппен көрсетілген Шартты бұзу күнінде күшін жояды.

Карточканы ұстаушы Банктің хабарламасында көрсетілген Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күн бұрын бар Қарызды өтеуге міндеттенеді. Егер карточканы ұстаушы Шарттың осы тармағында көрсетілген міндеттерді орындамайтын болса, Шарт карточканың ұстаушысы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындап болғанға дейін тиісті бөлік бойынша әрекет етеді.

11.3. Клиент Шарт бұзудың жоспарлы бұзу күніне дейін кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке хабарлай отырып, кез-келген уақытта Шартты бұзуға құқылы болады. Бұндай жағдайда Банк карточкаларды қайта шығармайды және Карточка Банппен көрсетілген Шартты бұзу күнінде күшін жояды. Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны бере отырып, Клиент Банкке Шартқа сәйкес шығарылған барлық карточкаларын қайтарып береді. Егер Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны берген кезде Клиент Банкке Шарт бойынша шығарылған барлық карточкаларды қайтармайтын

болса, онда Клиенттің Шарты бұзу туралы жазбаша хабарламасы қайтарылмаған карточкалар бұғатталғаннан, Карточка ұстаушысы оларды бұғаттау құнын төлегеннен және Банк қызметкері оларды бұғаттау фактісін тексергеннен кейін қабылданады. Карточканы ұстаушы Клиенттің хабарламасында көрсетілген шарты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бар қарызды өтеуге міндеттенеді. Егер карточканы ұстаушы Шарттың осы тармағымен қаралған міндеттерді орындамайтын болса, Шарт Клиент шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындап болғанға дейін тиісті бөлім бойынша әрекет етеді.

11.4. Клиентпен шарттың бұзылуы қосымша карточкаларды ұстаушылармен Шартты автоматты бұзуға алып келеді.

11.5. Карточканың күші жойылған жағдайда (Шартқа сәйкес карточканы ұстаушыға өзге карточкалар шығарылмаған болса) Шарт Карточканың ұстаушысы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындап болғанға дейін тиісті бөлім бойынша әрекет етеді.

11.6. Банк Шартты бұзу күнінен бастап немесе карточканың әрекет ету мерзімінің өту күнінен бастап немесе оның күшін жою күнінен бастап 30 (отыз) банктік күндер ағымында (егер осындай карточка Шартқа сәйкес қайта шығарылмайтын болса) Клиентке немесе Клиентпен уәкілетті етілген тұлғаға тиісті карточканың дербес шотынан ақшаның қалдығын қолма –қол береді немесе клиентпен көрсетілген банктік шотқа аударады.

12. Шарты өзгерту тәртібі

12.1. Банк Шартты біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы. Банк Карточка ұстаушысына Шартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты банктің электрондық веб-сайтында Интернетке www.shinhan.kz электронды мекен-жайы бойынша осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей орналастыру арқылы хабарлайды.

12.2. Карточка Ұстаушысының Банкке Түзетулер туралы хабарлама жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жасалған түзетулерді ескере отырып, Шарт талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Карточка Ұстаушысының Шарттың жаңа (өзгертілген) редакциясына келісімін және жалпы алғанда оған қосылуды білдіреді. өзгертулер енгізілді.

12.3. Төлем карточкасының иесі төлем карточкасын шығару туралы келісімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілетін күнге дейін келісімшартты бұзғаны үшін қосымша комиссия төлемей келісімшартты бұзуға мүмкіндігі бар.

13. Шарт бойынша даулар

13.1. Шартты орындау процессінде туындаған барлық даулар ерікті түрде және келіссөздерді жүргізу арқылы орындалады. 15 (он бес) Банктік күндер ағымында туындаған дауларды келіссөздерді жүргізу арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған сот тәртібінде шешіледі.

13.2. Банк Карточка ұстаушы мен Бенефициар арасындағы, сондай-ақ, Негізгі карточканы ұстаушы мен Қосымша карточканы ұстаушы арасындағы барлық дауларға қатыссыз болып қалады.